

Мемлекеттік коммуналдық меншік объектілерін сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 15 желтоқсандағы № 513 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 30 желтоқсанда № 3749 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 362 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2011.08.31 № 362 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік коммуналдық меншік объектілерін сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.
2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Кулагин

Ә к і м д і к т і ң

2010 жылғы 15 желтоқсандағы

№ 513 қаулысымен бекітілген

Мемлекеттік коммуналдық меншік объектілерін сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік коммуналдық меншік объектілерін сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) коммуналдық меншік объектілерін басқару және коммуналдық меншіктегі объектілерді кейіннен сатып алу құқығынсыз және құқығымен сенімгерлік басқаруға беруді жүзеге асыру саласында заңнаманың қолданылуын нақтылау мақсатында әзірленді.

2. Объектіні кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беруге

уәкілетті құрылтайшы "Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі болып табылады.

3. Объектіні кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беруге уәкілетті құрылтайшы облыстық коммуналдық меншік бойынша – "Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі, қалалық (аудандық) коммуналдық меншік бойынша – қала (аудан) әкімдіктері болып табылады.

4. Объектіні сенімгерлік басқаруға беру екі тәсілмен жүзеге асырылады:
1) нысаналы тағайындау бойынша;
2) тендерлік негізде.

5. Беру тәсілі туралы шешім құрылтайшымен қабылданады.

6. Объектіні кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруды құрған жағдайда тендерді өткізу міндетті болып табылады.

7. Мемлекеттік меншік болып табылатын тарихи және мәдени жергілікті маңызы бар ескерткіштер объектілерін беру қорғау міндеттемесін алған жағдайда кейіннен сатып алу құқығынсыз жеке және заңды тұлғалармен жүргізіледі.

8. Коммуникациялардың инженерлік желі объектілерін сенімгерлік басқаруға беру сенімгер басқарушы қаражаты есебінен коммуникация желілерін тиісті жағдайда ұстағанда пайда алушы мүддесіне жүргізіледі.

9. Жергілікті бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелерге, мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарға, әлеуметтік бағыты бар мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде (мемлекеттік тапсырыс) өзінің қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдарға объектілерді беру сеніммен берілген мүлікті ұстау және сақтау шартында қаржылық пайдасыз, кейіннен сатып алу құқығынсыз нысаналы тағайындау бойынша жүргізіледі.

10. Объектіні сенімгерлік басқару шарт бойынша мәміле негізінде пайда болады (құрылады).

11. Объектіні кейіннен сатып алу құқығымен немесе құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім осы Нұсқаулықпен белгіленген талаптарды есепке ала отырып мемлекеттік коммуналдық мүлікпен билік жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органмен қабылданады.

12. Құрылтайшы сенімгерлік басқаруды құру мақсатында объектіні беруге дайындауды жүзеге асырады, тендер ұйымдастырады, сенімгер басқарушылармен сенімгерлік басқару шартын жасайды, сенімгерлік басқару шарты талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

13. Объектіні сенімгерлік басқаруға беру шарттары мемлекеттік коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті мемлекеттік органдармен ұсынылған шарттарды есепке ала отырып анықталады.

2. Тендерлік комиссия

14. Тендерді ұйымдастыру және өткізу үшін құрылтайшы келісім бойынша жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің және басқа да мүдделі ведомстволардың өкілдері қатысуымен тендерлік комиссияны құрады.

15. Тендерлік комиссия мүшелерінің саны кемінде 5 адамнан құрылады. Тендерлік комиссияның төрағасы құрылтайшының өкілі болып табылады.

16. Тендерлік комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) объектінің бағасын ұсынады;
- 2) тендер жағдайларын анықтайды;
- 3) кепілді жарнаның мөлшерін анықтайды;
- 4) тендер өткізеді;
- 5) тендер жеңімпазын таңдайды.

3. Объектіні сенімгерлік басқаруға беруге дайындау

17. Сенімгерлік бақару объектісі бойынша ақпараттық хабарламаны жариялағанға дейін объект туралы мәліметтер енгізілген құжаттар топтамасы қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

Сенімгерлік басқару объектісі ретінде мемлекеттік заңды тұлға бойынша құжаттар топтамасына сондай-ақ оның құрылтайшылық құжаттары және қаржы-шаруашылық қызметі туралы толық ақпарат енгізіледі.

18. Объектілері сенімгерлік басқаруға беру объектісі болып шығатын мемлекеттік заңды тұлғалардың лауазымды тұлғалары құрылтайшының сұрауы бойынша объектіні сенімгерлік басқаруға беруге дайындау үшін қажетті мәліметтерді олар анықтаған мерзімдерде ұсынады және ұсынылып жатқан мәліметтердің растығы үшін жауапты болады.

19. Тендерді өткізуге дайындық кезінде құрылтайшы ақпараттық хабарды уақытылы жариялауды қамтамасыз етеді, тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдауды және тіркеуді, бағалауды (объектіні кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берген жағдайда) жүргізеді, келіп түскен материалдарды тендерлік комиссияның қарауына жібереді.

20. Тендерді өткізу туралы ақпараттық хабарлама мемлекеттік және орыс тілдерде оны өткізгенге дейін 15 күннен кешіктірілмей облыстық баспа басылымдарында құрылтайшымен жарияланады.

Ақпараттық хабарламада сенімгерлік басқарудың күні, уақыты, орны және түрі туралы (сатып алу құқығымен, құқығынсыз) мәліметтер, объект және оның бағасы, тендердің шарттары, тендерді өткізу тәртібі, тендерге қатысуды рәсімдеу

тәртібі, кепілді жарнаның мөлшері, тендерді жеңіп алған тұлғаны анықтау шарттары туралы мәліметтер бар.

21. Ақпараттық хабарламаны жарияланғаннан кейін құрылтайшы тілек білдірушілердің барлығына объект және тендерді өткізу ережелері туралы ақпаратқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Жарнаманың басқа түрлері еркін түрде жүзеге асырылады және қатысушыларды кеңінен тартуға бағытталады.

22. Өтінімдерді қабылдау және тендерге қатысуға тілек білдірген адамдарды тіркеу осы Нұсқаулықтың 30-тармағымен белгіленген құжаттардың толық жинағы болған жағдайда жүргізіледі.

23. Тендерлік комиссия тендер шарттарын өзгерткен жағдайда барлық өзгерістер туралы хабарлама осы Нұсқаулықтың 20-тармағымен белгіленген тәртіп пен мерзімде жарияланады.

Тендер шарттарының өзгергендігі туралы хабарлама жарияланғанға дейін тендерге қатысуға өтінім берген және осыған байланысты тендерге қатысудан бас тартқан тұлғаларға кепілдік жарна қайтарылады.

24. Тендерге қатысушылар тендерді өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген мөлшерде, мерзімдерде және тәртіпте кепілдік жарна салады. Кепілдік жарнаны қатысушы атынан кез-келген басқа жеке немесе заңды тұлға салады.

Кепілдік жарнаны алушы құрылтайшы болып табылады.

25. Тендерге қатысу үшін кепілдік жарна объектінің құнынан 1 пайыздан 15 пайызға дейінгі шегінде әрбір объект үшін жеке белгіленеді (бағалау - объектінің сатып алу құқығымен берген жағдайда баланстық).

26. Кепілдік жарна оны жеңімпаз деп таныған жағдайда тендер нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюға және құрылтайшымен шарт жасауға, шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қатысушының міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылады.

27. Егер тендерге қатысушылар осы Нұсқаулықтың 23-тармағында қарастырылған жағдайларды қоспағанда тендерге қатысудан кемінде үш күнтізбелік күн бұрын бас тартқан жағдайда, құрылтайшы оларға кепілдік жарнаны қайтармайды.

28. Осы Нұсқаулықтың 27 және 37-тармақтарында атап өтілмегендерден басқа барлық жағдайларда кепілдік жарна тендер аяқталған күннен бастап 10 банктік күннен кешіктірілмей, ал егер ақша құрылтайшы шотына тендер өткізілгеннен кейін түссе, онда олар түскен күннен бастап 10 банктік күн ішінде қайтарылады.

29. Тендерге қатысушыларды тіркеу ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және тендер басталғанға дейін жиырма төрт сағат қалғанда аяқталады.

30. Тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін:

1) ақпараттық хабарламада көрсетілген және тендерге қатысушының өзі ұсынған талаптарында объектіге сенімгерлік басқару шартын жасауға - оны жеңімпаз деп жарияланған жағдайда тендерге қатысушының жазбаша міндеттемесін білдіретін тендерге қатысуға өтінім;

2) төлқұжат және жеке басын куәландыратын құжат;

3) кепілді жарнаның енгізуін растайтын төлем құжаттың көшірмесін және көшірменің түпнұсқалылығын растау үшін төлем құжаттардың түпнұсқасын;

4) жабық конвертте тендердің талаптарын қанағаттандыратын ұсыныс (б и з н е с - ж о с п а р) ;

5) өкілдің құзіретін растайтын құжат (өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынған кезде жарамды) ұсынады.

31. Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары нотариалды куәландырылған жарғының және заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін қосымша ұсынады.

Шетелдік заңды тұлғалар нотариалды куәландырылған орыс тіліне аударылған құрылтайшы құжаттарды тапсырады.

32. Құрылтайшы, Қазақстан Республикасының заңдық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, тендерді дайындау және оны өткізудің бүкіл кезеңі ішінде тендерге қатысушыларға қатысы бар ақпаратты жарияламайды.

33. Тендердің әлеуетті қатысушыларының құжаттары тіркеу журналына тіркелгеннен кейін сейфте сақталады. Тендер өткізілетін күні тендерге қатысушылардың құжаттары тендерлік комиссияға беріледі.

4. Тендерді өткізу

34. Тендерлік комиссия тендерге қатысушылардың ұсыныстары бар конверттерін ашады. Конверттерді ашқаннан және ұсыныстарды жариялағаннан кейін комиссия ұсыныстарды талқылау және бағалау үшін кеңесуге кетеді.

Тендерге қатысушылар (олардың өкілдері) ұсыныстарды талқылау және бағалау кезінде қатыспайды.

35. Тендерлік комиссия жеңімпазды анықтау өлшемінен (өлшемдерінен) шыға отырып, тендерге қатысушылардың ұсыныстарын қарайды.

36. Комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санынан қарапайым көпшілікпен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде, Төрағаның дауысы ш е ш у ш і б о л ы п т а б ы л а д ы .

Тендерлік комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған тендерлік комиссияның мүшелері, оның төрағасы және тендер жеңімпазы қол қояды. Комиссия мүшесінің (мүшелерінің) ерекше пікірі хаттамаға жазбаша жазылады

немесе хаттамаға тіркеледі.

37. Тендер нәтижелері туралы хаттама тендердің нәтижелерін және тендер жеңімпазы мен құрылтайшының тендер шарттары негізінде шарт жасауға міндеттемелерін және тендер жеңімпазының ұсыныстарын бекітетін құжат болып табылады.

Тендердің жеңімпазы тендердің нәтижелері туралы хаттамаға немесе шартқа қол қоюдан жалтарса, өзі салған кепілдік жарнаны жоғалтады.

38. Тендер аяқталған күннен кейінгі күннен кешіктірмей комиссия барлық қатысушыларға тендердің нәтижелерін хабарлайды.

39. Үшінші және кейінгі конкурстарды қоспағанда тіркелген қатысушылардың саны екеуден аз болған жағдайда тендер өтпеген деп жарияланады.

40. Өтінімдер, жеңімпаз болмаған, жеңімпаз шартқа қол қоюдан бас тартқан жағдайларда тендерлік комиссия құрылтайшыға тендердің шартын өзгертуді және жаңа тендер жариялауды ұсынады.

5. Объектіні сенімгерлік басқаруға шарт (келісім-шарт) жасасу

41. Сенімгер басқарушы шарт негізінде пайда алушының мүддесінде объектіні басқаруды жүзеге асырады.

42. Шарт тендер жеңімпазының тендерлік ұсыныстарына сәйкес (тендер өткізген жағдайда) объектіні сенімгерлік басқарудың мәні мен мерзімін, берілетін мүліктің құрамын, пайда алушы туралы нұсқауды, объектіні беру шарттарын, сенімгер басқарушының есептілік мерзімі мен нысанын, мүлікті сенімгерлік басқару шартын тоқтатқан жағдайда сенім берілген мүлікті алушы тұлғаға нұсқаулықты қарастырады.

Шартта сондай-ақ сенімгерлік басқаруға берілетін мүлікке үшінші тұлғаның құқығы көрсетіледі.

Объектіні кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берген кезде шарт қандай мерзімде және орындалған кезде қандай жағдайларда объект сенімгер басқарушымен өтеп алынатынын қарастырады.

43. Сенімгерлік басқаруға берілген объектіге меншік құқығының ауысуы объектіні сенімгерлік басқарудан тоқтатпайды.

44. Сенімгер басқарушы құрылтайшыға өзінің қызметтері туралы есепті шартта белгіленген мерзімдерде және тәртіпте ұсынады.

45. Сенімгерлік басқару шартының орындалуына бақылауды жүзеге асыру үшін құрылтайшы шарттың орындалуына байланысты құжаттармен танысады.

46. Шарт талаптарының орындалуын бақылау сенімгер басқарушы міндеттемелерін орындауды аяқтаған сәтке дейін жүргізіледі.

47. Шартты өзгерту және бұзу қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

6. Қорытынды ережелер

48. Осы Нұсқаулықпен реттелмеген барлық мәселелер бойынша тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК